

Менгеруші жанындағы кеңестің

№1 хаттамасы

Катыскандар: 6

07.09.2022ж

Күн тәртібі:

1. Шолу тексерудің қорытындысы: Топтардың жаңа оку жылына дайындығы.
2. Жалпы және ата-аналар жиналышын өткізуге дайындық.
3. Тіл апталығының іс-шарасын бекітіп өткізу.
4. «Алтын күз» мерекесіне дайындық жұмыстар.,
5. Түрлі мәселелер

Тыңдалды: Бірінші мәселе бойынша балабакша менгерушісі Койланова.Р сөйлемді. Барлық топтарда табиғат бұрышын, ойыншықтар бұрышын, кезекшілік бұрышын толықтыруды, үлестірмелі материалдарды жаңашаландыруды тапсырды. Қорытынды анықтама бойынша жазғы жөндеу жұмыстарының сапасы, топтардың тазалығы, жарықтандыру, киім ілетін шкафтардың жеткіліктігі, ата-ана бұрышының, денсаулық бұрышының, табиғат бұрыштарының толықтырып безендіруі, үстел-орындықтардың, ыдыстардың, төсек-жаймалардың жеткіліктілігі, таңбалануы, ойыншықтардың сертификатталғандығы, сәжеттік-рөлдік, дидактикалық ойындар топтамасының болуы, кітап бұрышының жасақталуы тексеріліп, кемшіліктері анықталды. Кемшіліктерді түзетуге 1 алта мерзім берілді. Кереуеттер, шкафтар, тубектер, сұлгілер, төсек орын нөмірленіп, балалар танитын суреттермен белгіленуі тиіс, балалар тізімі анықталып іліну керек.

Тыңдалды : балабакша менгерушісі

Койланова.Р топтарды жинақтап

Кіші топ «Балбөбек тобы – 25 бала

Ортаңғы «Балауса тобы -25 бала

Ересек «балдаурен» тобы -25 бала

Тыңдалды : Жалпы ата-аналарға жиналыш жасауга дайындық жөнінде Балабакша менгерушісі ата-аналармен жиналыш онлайн түрде болады. Әр топ өз тәрбиешілері арнайы чат ашып, әлеуметтік желісі арқылы ата-аналармен жұмыс жүргізсін. Қашықтықтан оқыту режимінде балаларға бейнесабактар өту үшін, ата-аналардың сұраныстары болуы тиіс, әр отбасыда қолжетімді байланыс түрлері, интернет болуы керек. Ата-аналар сабак барысында, баланың сабакты қабылдауы туралы және т. б. барлық сұраптарды нақтылау үшін кері байланыс арқылы ата-аналармен өзара іс-қимылды қамтамасыз етіп отыруы тиіс. Ата-анаға үйымдастырылған оку қызметінің кестесі жіберіледі.

Ата-аналармен баланың қауіпсіздігі туралы кеңестер өткізуіміз кажет. Баланың үйдегі күн тәртібі, санитарлық талаптарды үйде де сақтау туралы кеңестер беріледі.

Тыңдалды: Тіл мерекесіне арналған апталыктың іс-шаралары жөнінде балабакша менгеруші Койланова.Р өз созінде «Қазақ тілім-ана тілім» апталығы жобасымен таныстыруды. Жобаның мақсаты: өз тілімізде барлық бала бір-бірімен ой белісуге, ана тіліміздің қасиетін, қадірін біліп, құрметтеуге тәрбиелу. Апталыққа оку қызметі, ертегі кештерін өткізуі ұсынды. Осылан орай 19-23 қыркүйек аралығында тіл апталығын арқылы атап өту жоспары бар, өз ойларының, жоспарларының туралы айтударынызды, пікір алмасуларынызга шақырамын деді. Менгеруші келісім берді.

«Алтын күз» мерекесінің бағдарламасы жөнінде балабақша сазгері сөз алды. Балаларды шығармашылыққа байланыстыра отырып, алтын күз, жомарт күз туралы, ондағы үлкендердің еңбегі туралы түсініктерін байытып, кеңейтуде түрлі слайдтар жасап балаларға онлайн арқылы көрсетіп, ұйымдастырып, жемістер мен көкөністерден көрме жоспарланып, ата-аналарға үйде жемістер мен көкөністерден балалардың қалаған кейіпкерлерін жасап беруді өтініп, суреттерін ватсан желісі арқылы жіберіп, көрме ұйымдастыrsaқ деп өтіндік. Бағдарламамен таныстырылып, бекітілді. Жауапты етіп балабақша тәрбиешілері Джурунбаева Ж және Медетова.Б тапсырылды.

Ата-аналармен баланың қауіпсіздігі туралы кеңестер өткізуіміз қажет. Баланың үйдегі күн тәртібі, санитарлық талаптарды үйде де сактау туралы кеңестер беріледі.

Шешім:

1. Шолу тексеру қорытындылары 10 күркүйекке дейін орындалсын. Жауапты: тәрбиешілер.
2. Күркүйектің 19-23 аралығында тіл апталығы өткізілсін. Жауапты: тәрбиешілер.
3. Қазан айының 26-29 аралығында «Алтын күз» мерекесі өткізілсін. Жауаптылар: ән-саз жетекшісі және тәрбиешілер.
3. Жалпы ата-аналар жиналышы күркүйек айының 13 жүлдізында арнайы чатта, онлайн түрде өткізілсін.

Тераймы,

Койланова.Р

Хатшы

Джурунбаева.Ж



**Менгеруші жанындағы көңестің
№2 хаттамасы.**

21.11.2022 ж

Жиналғандар саны -6

Күн тәртібі:

- 1 .Откен кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Откен іс-шараларды талдау.
3. «Тәуелсіздік», «Жаңа жыл» мерекелерінің сценарилерін бекіту.
4. Кіріс күжаттарын талдау.

Тындалды : Балабақша менгерушісі Койланова .Р «Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы» шолу тексеру бойынша анықталған кемшіліктердің өз мерзімінде орындалғанынын, топтарда дамыту орталары толықтырылғанын айтып өтті. Дегенмен топтарда театр құралдары, жаңа әдістерге негізделген ойын құралдары толық жасалмағанын ескертті.

Балабақша менгерушісі Койланова .Р тәрбиешілерге толық орындауға ескерту берді. Тәрбиешілер келісім берді.

Сонымен бірге «Қазақ тілім- ана тілім» алтالығының өткізілуіне тоқталды.

«Балдаурен» ересектер тобының «Ана тілім –туған тілім» тақырыптық сабакты онлайн өтті. Балалар үйге берілген тақпақтарын жаттап, ватсап арқылы сабакқа қосылып, берілген сұрақтарға , тапсырмаларға белсенді қатысып отырды.

Менгеруші келісім берді.

Сөйлемді : Балабақша сазгері Момбекова.А «Алтын күз» мерекесі жайлы айтып өтті. –Әрине бізге онай болған жоқ, әлеуметтік желіде іс-шара өту өте киын. Дегенмен де ата-аналарға раҳмет, бізben кері байланысқа шығып отырды, үйге берілген тапсырмаларды балалармен қосылып орындағы. Ата-аналар берілген тапсырма бойынша көкөністер мен жемістерден түрлі заттар жасап, ватсапқа салып отырды.Балалар күз туралы әнді жаттап айтып берді.

Сөйлегендер: Балабақша менгерушісі Койланова.Р өз сөзінде

Ал жаңа жыл мерекелік іс шарага келсек, әрине ең бірінші ата-аналар шақырылып жиналыс өткізесіздер. Тез жанатын үлпілдек, түкті кімдерге абай болсын. От шашулар да абайлап пайдалансын. Өрт қауіпсіздігін сактауды

ескертіңіздер жәнеде жаңа жылдық сыйлық тартулар балаға зиянсыз, сапалы тиімді болсын, соны да есте сактауды ескертіңіздер. Ал мерекелі бағдарлама әрине қысқы, тартымды, сиқырлы сәттерге толы әдемі костюмде болу. Зал мерекеге сай безендірілген. Номерлердің арасын үзіліп қалғанын есепке алыныздар. Ата-аналарды қызықты өткізуге іс-шараға белсене қатысуға тырысыныздыр. Барлық бала ойын сауыққа белсене қатыстырылсын тыс қалмасын. Балалар шаршап қалмауында есепке алуды тапсырамын. Сонымен бірге музика жетекшісі Жаңа жыл мерекесі ертеңгілігі сценариімен таныстырды. Ертеңгілік бала жасына сай, таңғажайып сәттерге негізделіп жобаланған. Тақпақтар, әндер бала жасына сай келеді. Музикант жаңа жыл ертеңгілігін 25-27 өткізуді ұсынды. Тындалды; Білім бөлімінен келген бүйректарды кіріске тіркеп орындалуын қадағалау керек. Кіріс күжаттарын талдау

Шешімі:

1. Отken кеңестің шешімдерінің орындалуы қадағалансын. Жауапты: менгеруші
2. Барлық оқу тәрбие жұмысында тіліміздің мәртебесі биік болып, дамыту жұмыстарын жүргізу. Бағдарламалар бекітіліп, мерекелер атап өтілсін. Жауапты: тәрбиешілер, ән жетекшісі, әдіскер
3. Тақырыпты тексеруді ұсыныстар толықтырылып орындалсын.

Төрайымы;
Хатшы;



Койланова.Р
Джурунбаева.Ж

**Менгеруші жаңындағы кеңестің
№3 хаттамасы**

23.01.2023ж

Катысқандар: 8

Күн тәртібінде: №3

1. Откен кенес шешімдерінің орындалуы.
2. Жалпы ата-аналар жиналысының қорытындысы.
3. Қорытынды тексерудің қорытындысы. Барлық топ.
Жарты жылдық қорытынды мониторинг.
4. Апталық жоспар мен технологиялық карталарды жүргізу деңгейі.

Тындалды: Откен кеңестің шешімдерінің орындалуы

Сөйлемді: Койланова Р – менгеруші «Коммуникация» саласының ана тілін және мемлекеттік тілді менгерген, құрдастарымен және ересектермен еркін катынас жасай алатын тұлға қалыптастыру. Жас ерекшелігіне қарай балалармен ойын түрінде балаларды дыбыстарды дұрыс атауға, мәнерлеп әнгімелегуге, сөздік қорын байытуға мамандықтар, заттардың бөліктерін білдіретін зат есімдер, еңбек әрекетін білдіретін етістіктер арқылы үйретсек, коршаған ортамен таныстыру және қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру сабактарында заттардың қасиеттерін, сапасын ажыратуда, тұрмыстық заттардың атауын атауда, заттарды жинақтап айтуда, ыдыстар, жемістер, көкөністер сөздерін сөздік қорыма енгізуде түрлі суреттер мен альбомадар жинағын пайдаланудамыз, ойыншық жайлар және сюжеттік сурет бойынша әнгіме құрастыруда байланыстырып сөйлеуге үйренсе, ертегілерді драмалауда балалардың сөздегі ырғақ мәнерінің тәсілдеріне үйренеді.

Балалар әнгіме құрастыруда, драмалағанда импровизация жасауды да қоса менгеруде. Сонымен қатар тәрбиешілер ата-анамен тығыз қатынаста болу керек екен түсіндіріп өтті.

Тындалды: Тәуелсіздік күні, жаңа жыл мерекелерінің өтілуін талқылау.

Сөйлемді: Джурунбаева Ж – тәрбиеші Тәуелсіздік мерекесі балаларға үлкен зор әсер қалдырды. Еліміздің Туы, Елтаңбасы, Әнұраны жөнінде әнгімелер мен әндер орындалды. Отан туралы қызықты, әсем қала Астана туралы тақпактар жаттап, балалардың туған ел туралы түсініктері кеңейіп, тіл байлығы артты.

Сөйлемді: Ж.Жұмашева – тәрбиеші осындаид мерекелерді балалар әр ұлттың өз мәдениеті, тарихы, тұрмысы мен ерекшеліктерін ажыратада біледі. Тарихи және мәдени күндылықтарын, бірлігін түсінеді. Басты байлық – тыныштық,

бейбітшілік екенін түсінеді. Ол байлықты сақтау үшін үлкен күш жұмсалатынын түсінеді, Отанын сүйіп, құрметтейтін болады.

Сөйлемді: Р.Койланова менгеруші -жана жылдық шырша мерекесінен балалар көп сыйлық қуаныш күтеді, ата-аналар да оған дағдыланаңып қалды. Эр мереке өзінше қызық өтеді. Биылғы жылқы жылдының кереметтері, қызықтары да аз болған жоқ. Қаршакызбен кішкентай бұлдіршіндеріміз гномдар, ақшақарлар биін билеп сүйсіндірді деп өз сөзін аяқтады.

3. Тындалды:

Балабақша менгерушісі Р.Койланова жарты жылдық корытынды жасап өтті: Бірінші жарты жылдықта тәрбиеленушілеріміз жас ерекшеліктеріне сай әдеттер мен дағдылары калыптасып, қимыл іс-әрекеті, дene бітімі, батылдығы, білімі, танымы да дамыған, бағалану деңгейі де төмендеу, жыл аяғына дейін көтеріледі деген сенімдеміз деді.

4. Тындалды: Апталық жоспар мен технологиялық карталарды жүргізу деңгейі, туралы балабақша менгерушісі Койланова.Р айтып өтті.

Ұсыныс: Қыстың сұлулығы, қар ұлпасына, қар үстіне сурет салу, мұз тайғанақ екенінен, жыл мезгіліне сәйкес жылы киімдеріне, мұрындағы тұтін, құрғак және ылғал қар, суды бояп қатыру.

Шешім:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық.
2. Балалардың жан-жақты даму деңгейін көтеруде, оку-тәрбие үдерісі жүйелі жүргізілсін.
3. Тақырыпты тексеру ұсыныстары жоспарға енгізіліп, жыл мезгілдеріне сай жүргізілсін.

Төрайымы :  Койланова.Р

Хатшы :  Джурунбаева.Ж

Менгеруші жанындағы кеңестің №4 хаттамасы

03.03.2023 ж

Катысқаны – 10

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Топ бөлмелерін, балабақша ауласын көгалдандыру жұмыстарын жүргізу.
3. 8-наурыз 22-наурыз мерекелерінің іс шараларының бекіту.
4. Тұрлі мәселелер

Бірінші мәселе бойынша балабақша менгерушісі Койланова.Р сөз алды. Ол кісі өз сөзінде өткен кеңестің шешімдеріне тоқталып өтті. Аралық мониторингтің барлық топтар бойынша қорытындысының нәтижесі баламен жеке түзету жұмыстары жүргізіліп жатқаны туралы айтып өтті. Тәрбиешілерге балалар мен жұмысты ұйымдастыруды әр баланың жеке дамуының білім беру траекториясының оқу динамикасын қамтамасыз ете отырып, тәрбие мен оқыту процесін дараландыруды қамтамасыз етулерін талап етті.

Екінші мәселе бойынша менгеруші Койланова.Роза апай сөз алды.Топ тәрбиешілерге тапсырма берді.Әр тәрбиеші өз топтарын бөлме гүлдеоге толықтыру керек екенің айтты. Балабақша ауласында тазалық жүргізіп сыртқа гүлдер егуді тапсырды. Топ бөлмелерін, балабақша ауласын көгалдандыру жұмыстарын жүргізу.

Үшінші мәселе бойынша мерекелердің өткізілуін талдау. Сөзге кіші «Балауса» тобының тәрбиешісі Ж.Жұмашева шықты. Ол өз сөзінде Жана жыл мерекесі балалар үшін ең керемет мереке. Бұл мейрамның көнілді болып өтуіне балабақша қызметкерлері де ата-аналар да атсалысты. Бірақ қазіргі уақытта пандемияға байланысты мерекені барлық топ бірге өткізбей сахналық арнайы жасалған шырша жанында бөлек өткізді. Ата-аналардың қатысуынысыз. Мен ересек «Балдауран» тобының өткізген Жана жылдық мерекелік іс-шарасы туралы айтқым келіп тұр. Жанат апайдың және ата-аналардың еңбегі арқасында мереке өте керемет өтті. Топтағы балалардың мерекелік киімдері талапқа сай болды. Балалар тақырыптарды орыс тілінде де жақсы айтты. Ән, билері жас ерекшеліктеріне сай таңдалған. Балалар көтеріңкі көніл күйде отырды..

Төртінші мәселе бойынша 8 наурыз ертеңгіліктерінің іс-шарасын бекіту туралы балабақша менгерушісі сөз сөйлемді. Ол өз сезінде көктемнің алғашқы мерекесі 8 наурыз ардакты аналар мерекесінің іс-шарасының сценариін бекітіп мерекені жақсы дайындықпен өткізулерін қадап айтты. Осынау көркем мерекенің қай кезде де орны бөлек. Олай болатыны, аналарға деген ыстық сезім, алғыс пен құрмет ешқашан сөнбек емес. Сонымен қатар Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесінің ертеңгілік іс-шарасын бекітуін айтты.

Балабақша менгерушісі апай басқа болып жатқан мәселерлер туралы айтып өтті. Балабақшага келіп түскен кіріс құжаттармен таныстыруды.

Шешімі;

1. Откен кеңес шешімдері орындалсын.
2. Балабақшада сенбілік ұйымдастырылсын. Жауапты. Шаруа менгеруші мен топ тәрбиешілері.
3. 8-наурыз 22-наурыз мерекелерінің іс шараларын өткізу өн саз жетекшісіне тапсырылсын.

Тәрайымы;

Хатшы;



Койланова.Р

Джурунбаева.Ж

Менгеруші жаңындағы кеңестің

№5 хаттамасы

15.05. 2023ж

Катысқаны – 7

Күн тәртібінде:

- 1 .Откен кеңес шешімдерінің орындалуы.
- 2.Мемлекеттік стандарттардың білім беру саласы бойынша қорытынды мониторингі.
3. 8-ші наурыз және наурыз мерекесін талдау.
4. Тұрлі мәселелер.

Бірінші мәселе бойынша балабақша менгерушісі сөз алды. Ол кісі өз сөзінде өткен кеңестің шешімдеріне тоқталып өтті. Балабақшадағы топ тәрбиешілері, көмекші тәрбиешілер балалармен гигиеналық шараларды дұрыс ұйымдастырып келеді. Балалар өздеріне қызмет жасай алады. Апайларының тапсырмаларын бұлжытпай орындал, тексеру барысында жақсы нәтиже көрсете білді. Мереке ұйымдастырушыларына балабақша менгерушісі алғыс білдіре отырып, жұмыстардың басым көпшілігі сіздердің арқаларыныңда бітуде. Топтағы тәрбиеленуші балалар өздерінің өнерлерін жақсы жағынан көрсете білгендігі ол сіздердің жұмыстарының.

Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері сөз алды. Ол кісі өз сөзінде мамыр айларындағы қортынды мониторийгке тоқталды. Келесі оку жылында 1-денгейлі балалар мен тәрбиешілер көбірек жұмыс жасап балалардың білім мен біліктілік деңгейлеріне бағытталған оку ісс әрекеттерін жақсарту керк деген тұжырымжасады.

Менгеруші сөз алғып, педагогтардың өз білімін көтеру нәтижелеріне тоқталды. Педагогтардың жұмыстарының сапасын жетілдіру педагогтардың әзірлік деңгейіне тікелей байланысты. Бұл деңгей және үнемі өсіп отыру да қажет. Сондықтан педагогтардың өздігінен білімін жетілдіру әрекеттерінсіз біліктілік арттыру бағытындағы әр түрлі курстар, семинарлар мен конференциялар тиімді нәтиже бере қоймайды. Өздігінен білімін жетілдіру кез келген мамандықтағы өз ісіне творчествалықпен және жауапкершілікпен қарайтын әрбір маман үшін қажеттілік болып қалыптасып отыр. Педагог бәрін де тұрақты түрде оқып-біліп отыруы тиіс, өзіндік психологиялық және интелектуальдық ерекшеліктеріне байланысты, акпарат көздері арқылы жұмыс жүргізу, өз қызметі мен әріптестер қызметіне талдау жасау секілді дербес енбек процесінде қалыптасатын қасиет. Дегенмен, педагогтар өздігінен білімін жетілдіруге қаншалықты қабілетті болғанымен, бұл процесс практикада жүзеге аса бермейді. Тәрбиешілер мұның негізгі себептері ретінде уақыттың жоқтығын, акпарат көздерінің жеткіліксіздігін және басқа да жәйттерді алға тартады. Бұл ой енжарлығы мен жалқаулығының көрінісі десе болады, өйткені өзін-өзі жетілдіру әрбір

педагогқа тән ажырамас қажеттілік болуға тиіс. Педагогтарға әр түрлі тақырыптарда өз білімдерін жетілдіру жоспары берілген. Сол берілген жоспарларды орындаі отырып, нәтиже шыгаруда.

Ушінші мәселе бойынша балабақша менгерушісі өткен мерекелердің қорытындысы бойынша тоқталып өтті. Ана әрбір адамның жарық дүниедегі ең жақыны, жанашыры, қадірлісі, қамқоршысы, ақ сүтін емізіп аялаған, жанын да аямаған ардақтысы. Мен ана деген сөзді қанша айтсам да жалықпаймын. Өйткені ол дүниедегі ең ардақты жан. Ана баланы тоғыз ай көтеріп, толғатып, дүниеге келтіріп қана қоймайды, оны көзінің қараашығындағы қорғап, аялап өсіріп аяғынан тік тұргызады. Өмір есігін жаңа ашқан баланың бойына елінің рухын сіңіретін, жылауын қойғызатын ана. Ана баланың амандығын бақытты, абыройлы болуын тілейді. Бойымыздағы ең жақсы қасиеттер бізге алдымен анадан тарайды. Қайран ана, өз перзентін әдемі не ұсқынсыз, ақылды не ақымақ, мейірімді не рақымсыз, кесір - қырсық болса да бәрібір шексіз сүйеді. Дүниеде ананың көз жасынан салмақты, одан ауыр таразы басатын ештеңе жоқ. Өйткені ананың көз жасы өзінің киесімен ауыр. Алайда «Ананың көңілі - балада, баланың көңілі - далада» демекші, өзінің перзентік борышын ұмытқан, сөйтіп ата - анасын сыйламайтын адамдарды да өмірден кездестіруге болады. Ана - тіршіліктің ғұлі, отбасының берекесі, бүкіл адамзаттың тәрбиешісі. Анасы жоқ балалар да аз емес. Олар ананың мейірімін, аялағанын ешқашан сезген емес. Ендеше, анамызды сыйлап, күрметтейікші. Көнілдерінізге көктем шуағындағы сезім мен нұр құйып, 8 - наурыз Халықаралық әйелдер мерекесі де келді. Көктемнің шуакты күндерімен қатар келіп жатқан төл мерекелеріңіз күттү болсын! Осынау көркем мерекесін қай кезде де орны бөлек. Олай болатыны, аналарға ыстық сезім, алғыс пен күрмет ешқашан сөнбек емес. Олар - өмірдің ғұлі, көңілдің жыры, әр отбасының алтын діңгегі. Осы мерекеге орай «Ана - ғұл, Ана - жыр, Ана - өмір шуағы!» атты мерекелік концерт ұйымдастырылды. Ертенгілікке «Балдаурен» тобының сұлу да, сымбатты қыздары қатысып сайысты. Сайыс шарттарына қыздарымыз өте жақсы дайындалған. Таныстыру, өз өнерін көрсету, сұрақ-жауап, киім үлгісі шарттарында қыздар өнерлерін көрсетіп сайысты. Сайыс соңында ақылды қыздарымыз жүлделі орындарға ие болып, сыйлықтар алып, маралатталды. Осы сайысты ұйымдастырған балабақша қызметкерлеріне айттар алғысым шексіз. Себебі біз өзіміздің жұмысымыздың жемісін көрдік. Осы ертенгілікке үлкеннің батасын алу мақсатында ауылдағы қарт әжелерді шақырған болатынбыз. Шақыруды алған әжелер толығымен бақшамызға келді. Келіп бізді бір қуантты. Балалар өздерінің өнерлерін жақсы жағынан көрсетті. Әжелеріміз бұлдіршіндерге көрсеткен өнерлеріне алғысын білдірді. Әжелеріміз аспазшы апайдың қолынан дәмді етіп пісірілген тамактардан дәм ауыз тиіп, арқа жарқа әңгімелесіп, бір марқайып қалды. Осы Наурыз мерекесіне орай балабақшамызда «Қош келдін, Өз Наурыз!» тақырыбында мерекелік ертенгілік өткізілді. Ертенгілікті Мақпал апайы

жүргізді. Ертеңгілікте балабақша тәрбиеленушілері әндерін айтты, билерін биледі.. Ата-аналар таң тамаша болды. Гулдана ата-анамыз Айдай қызымыздың тұсау кесер рәсімін жасаймын деп қолқа салған соң ертеңгілік барысында Айдай қызымыздың тұсауын кестірдік және үлкендердің батасын алдық. Ертеңгілік өте керемет өтті. Ата-аналар алғыстарын айтып, ризашылықтарын білдірді.

Шешімі:

1. Балаларды балабақшага қамту мақсатында ата-аналарды балабақшада ұйымдастырылып өткізілген түрлі іс-шараларға қатысуын ұйымдастыру.
2. Ата-аналарға мереке күндерін үйде қалай атап өту керектігі жөнінде кенес немесе дөңгелек үстел өткізууді ұйымдастыру.
3. Тәрбиешілер жан-жакты ізденіп, жұмыс жүргізсін.

Төрайымы,

Хатшы;



Койланова.Р

Джурунбаева.Ж

Менгеруші жаңындағы кеңестің

№6 хаттамасы

18.07.2023ж

Қатысқаны – 7

Күн тәртібінде:

1. Откен кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Жаңа оку жылына дайындық.
3. 1- мамыр, 9-мамыр мерекелерін талдау.
4. Мемлекеттік стандарттардың білім саласы бойынша мониторингі.

Корытынды тексеру. Барлық топқа.

Бірінші мәселе бойынша балабақша менгерушісі сез алды. Ол кісі өз сезінде откен кеңестің шешімдеріне тоқталып өтті. Балабақша қызметкерлері белсенділік танытып, жақсы дайындалған. Соның нәтижесінде мерекелік іс-шаралар өте жақсы өтті. Балалар да өз өнерлерін ойдағыдай көрсете білді. Ертеңгіліктерде қауіпсіздік ережелері дұрыс сақталды. Педагогтарға әр түрлі тақырыптарда өз білімдерін жетілдіру жоспары берілген. Сол берілген жоспарларды орындаі отырып, нәтижеші гаруда.

Екінші мәселе бойынша менгерушісі сез алды. Барлық топтар жаңа оку жылына 100%-ға дайын болуын, барлық оку қызметінің күнтізбелік жоспары, технологиялық карталары, циклограмма, әдістемелік құралдары және оку қызметіне қажетті құрал жабдықтар, кезекшілік бұрыштары, төсек, сүлгі, шкаф, т.б. марқировкалары сақадай сай болуын қадап айтты. Ата-аналарға арналған стендтерді ретке келтіру, балалардың бейімделу кезеңінде ата-аналармен дұрыс қарым-қатынас жасауды айттып өтті. Үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері сез алды. Ол кісі өз сезінде мамыр мерекелері туралы айттып өтті. Мамыр мерекелерін талқылайтын болсақ 9 мамыр Женіс күні, 1 мамыр бірлік күніне орай балабақшамызда ертеңгілік шарасы өткізілді. Ертеңгілікті Ашық есік күнімен бірге атап өттік. Ашық есік күнінің тақырыбы «Әрқашан күн сөнбесін». Мақсаты: балалардың бойында адамгершілік қасиеттерді, жақын адамдарына сүйіспеншілікті, оларға қамқорлық жасауга ынтастын, өз еліне құштарлық сезімді, оның тарихына қызығушылықты тәрбиелеуді қарастыру, белсенділік танытты. Ашық есік сонында «Ұлы женіс – жасасын!» тақырыбында мерекелік ертеңгілік өткізілді. Ертеңгілікте балалар солдаттық форма киіп биледі. Әндерін айтты. Сахна тақырыпқа сай безендірілген. Ата-аналары балаларының өнерлерін көріп қатты қуанды.

Ашық есік күнін қорытындылау барысында ата-аналар өз ойларын айта отырып ризашылықтарын білдірді.

Төртінші мәселе бойынша менгеруші сөз алды. Мемлекеттік стандарттардың білім саласы бойынша мониторингі. Қорытынды тексеру нәтижесі туралыайтып өтті. Келесі жылы бірінші деңгейлік балалар саны н артыру керек екенің тәрбиешілерге ескерті. Барлық топқа. . Балабақша қызметкерелері өз жұмыстарын тиянақты жасады.

Шешімі:

1. Мамыр мерекелерінің сценарилері тапсырылсын.
2. Оку тәрбие процесі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндегі стандарты бойынша түзілсін.
3. Тәрбиешілер №1 педагогикалық кенеске дайындалсын.

Тәрайымы,

Койланова.Р

Хатшы

Джурунбаева.Ж

